

**ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайының
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің №3/2 хаттамасы**

Өткен күні: 27.03.2025 жыл

Қатысқандар:

Комиссия төрайымы: М.М.Аубакирова - меңгеруші

Комиссия мүшелері: А.Н.Қайрлиева – әдіскер

Г.М.Нагимова – тәрбиеші

А.Е.Хамитова – тәрбиеші

М.М.Иралиева – тәрбиеші

Хатшы: И.И.Айткалиева – тәрбиеші

педагог-психолог, музыка жетекшісі, дене шынықтыру нұсқаушысы, қазақ тілі,
10 тәрбиеші.

Күн тәртібінде:

1. Мектепке дейінгі ұйымның 2022-2023, 2023-2024 оқу жылдары және ағымдағы оқу жылының бағалау нәтижелерімен таныстыру.

Жауапты: өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы: М.М.Аубакирова

Тыңдалды:

М.М.Аубакирова - өзін-өзі бағалау комиссия төрайымы: Өзін-өзі бағалау комиссия тәрбиелеу мен оқыту әрекетін ұйымдастыру бойынша 2022-2023, 2023-2024 және ағымдағы оқу жылының деректі құжаттарын қарады. Білім беру салаларының және ұйымдастырылған іс-әрекеттің МЖБМС талаптарына және ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 09 қыркүйектегі №394 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарлары; Ұйымдастырылған іс - әрекеттің бөлінуін растайтын құжаттар, күн тәртібі, циклограммаға сәйкес перспективалық жоспарлар, жылдық жоспарлар;

МЖБМС және МДТО үлгілік оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын орындауды қамтамасыз ететін «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту» мамандығы бойынша білімі бар педагогтардың құжаттары;

Баланың даму мониторингі және нәтижелері;

Оқыту тілдері бойынша апталық оқу жүктемесі;

Комиссия мүшелері: 2022-2023, 2023-2024, ағымдағы (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айлары) 2024-2025 оқу жылының тәрбиелеу-оқыту бойынша МЖБМС талаптарына сәйкестігіне зерделеу жұмысын жүргізді.

Комиссия төрайымы М.М.Аубакированың өзін-өзі бағалау есебі тыңдалды.

М.М.Иралиева – тәрбиеші: Өзін-өзі бағалау бойынша комиссия мүшелерінің есебін тыңдай отырып, бөбекжайдың тәрбиелеу мен оқытуда МЖБМС талаптары толық сақталған деп ойлаймын. 2022-2023, 2023-2024,

2023-2024 оқу жылдарында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік жоспарларымен сәйкестігі байқалды.

И.И.Айткалиева – тәрбиеші: Өзін-өзі бағалау материалдарын сараптай келе мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың қимыл, коммуникативтік, танымдық, шығармашылық, әлеуметтік білім, білік дағдыларын, өз бетінше үйрену дағдыларын балаларда қалыптастыруды бірізділік сақталған.

«Білім беру ұйымдарының бағалау критерийлерін бекіту туралы» ҚР ОАМ 2022 жылғы 05 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшем шарттарын бекіту туралы» №486 бұйрығымен бекітілген көрсеткіштерге сәйкес мектепке дейінгі ұйымның жұмысы «жақсы - 4» деп бағаланды. Өзін-өзі бағалау нәтижелері назарға алынсын және «жақсы - 4» деген бағасына дауыс беруіңізді сұраймын . «Иә» - 20; «Қарсы» - 0; «Қалыс қалды» - 0.

Шешім:

1. ЖК «Бал-бөбек» жеке бөбекжайының 2022-2023, 2023-2024, ағымдағы (қыркүйек, қазан, қараша, желтоқсан, қаңтар, ақпан, наурыз айлары) 2024-2025 оқу жылының өзін-өзі бағалау МЖБМС талаптарына сәйкес деп танылсын.

Төрайымы:



М.М.Аубакирова

Хатшы:



И.И.Айткалиева